

Қазақ-түрік лицейі 20-ға толды



27 мамыр 2013 | 20:05 | Білім | Караптан: 2471 | Пікірлер: 0

Биыл Өскемен қаласындағы қазақ-түрік лицейінің құрылғанына 20 жыл толмақ. Сонау ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында құрылған лицейдің мерейтойы қарсаңында «Үлбі» орталық мәдениет үйінде «Мәртебең биік болсын, алтын үям – лицейім» атты мерекелік кеш болып өтті. Лицейдің ұжымы мен шәкірттерін, олардың ата-аналарын облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ атынан облыстық білім басқармасының басшысы М.Ахметова құттықтады.



Лицей алғаш құрылғанда оның болашағына құдікпен қарағанымыз рас. Кейін осы лицейдің қалыптасуына, дамуына, есүіне баріміз куатер болдық. Қазақ-түрік лицейлерінің беретін білімі мен біліктілігі, тәрбиесі мен талімі ерекше екеніне көзіміз жетті. Баласын осы лицейге беруге ынталы ата-аналардың қатары да жыл сайын все бастады. Бұл лицейдің шакірттері республикалық, халықаралық деңгейлерде еткен талай додаларда топ жарды, – деді мерекелік кешке қатысушыларды құттықтаған облыстық білім басқармасының басшысы Мадениет Ахметова.

Оның айтудынша, тек биылдың үзіндеги лицейді 33 түлек бітіріп отырса, соның 13-і ҰБТ-дан босатылған көрінеді. Өйткені 13 баланың барлығы да халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысында жүлделі орын алғандар.

Мерейтойга шашу ретінде ол қазақ-түрік лицейінің директорына бір миллион теңгенің сертификатын табыс өтті. Сондай-ақ, мерекелік кеште қала әкімінің орынбасары В.Головатюк те сез алып, жетпіс жыл бойы үстемдік қурған Қеңес Одағы құлап, ел тәуелсіздігін енді алып жатқан тұста жаңа қазақ-түрік лицейінің іргетасын қалау үлкен ерлік болғанын қадап айтып, қазіргі күні бұл лицей Өскемен қаласының ғана емес, облысымыздың білім саласындағы мақтаулы оқу орталарының біріне айналып отырғанын жеткізді.

Ал осы қазақ-түрік лицейінің құрылудына мұрындық болып, басы-қасында жүрген Қазақ-Американ еркін университетінің ректоры Ережеп Мамбетқазиев өз сезінде еткен күндерге сал шегініс жасады.

Сол тоқсаныншы жылдардың басында «Өскеменге қазақ-түрік лицейі керек пе, керек емес пе» деген маселенің күн тартібінде еткір тұрғаны да рас еді. Бірақ өңірдің білім саласының басында тұрған отаншыл азаматтар батыл қадамға барды. Лицей ашылды. Қазіргі күні қазақ-түрік лицейінің тұллектері жеткен жетістіктердің өзі бір тәбе. Еліміздегі қазақ-түрік лицейлерінің толағай табыстарын Елбасымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ та талай марта атап айтқан болатын. Оның айқын мысалы ретінде Астанадағы Назарбаев университетінің 200-ден астам студенттері осы қазақ-түрік лицейлерінің

түлектері екенін айтсақ та жеткілікті.

Мерекелік кеште қазақ-түрік лицейінің директоры Әлімжан Игенбаев осы оқу орнының дамуына қосқан зор еңбектері үшін бірқатар азаматтарға «Еңбегіңіз ел есінде» атты мерейтойлық медаль тапсырды.

Иә, бұл күні сахна төрінен төгілген ән де, би де қазақ-түрік лицейінің жиырма жылдығына арналды. Лицей мәртебесінің биік болуы жиналған қауымның ізгі тілегі еді.

Мейрамтай Иманғали